

Аға оқытушы А.Е.Молдазимова, 4 курс студенті Парманкулова Г.М.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан Республикасы

ШҰҒЫЛДАНЫМПАЗДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ПЕДАГОГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Шұғылданымпаздылық әрекет ол педагогикалық процесс болып есептелінеді. Бұл шұғылданымпаздылық қызмет процесіндегі екі түрлі әрекеттің диалектикалық үйлесуі.

Бір жағынан бұл штаттағы ұйымдастырушы педагог қызметкері немесе басқа ұйымдастырушылық лектор ретінде арнайы дайындалған адамдардың қызметі болып көрінсе, ал екінші жағынан әлеуметтік мекемелерге келушілердің, бұқаралық көпшілік әрекеті болып саналады. Олар бірінсіз бірі ешқандай мазмұнға ие бола алмайды.

Шұғылданымпаздылық қызмет негізін- адамдардың жеке басының қызығушылығы мен сұранымын қанағаттандыруы, жұмыс күнінен кейін жәй ғана тынығудан бастап белсенді түрде шығармашылықпен айналысуы, білімін өздігінше жетілдіруі құрайды. Шұғылданымпаздылық қызметіндегі педагогикалық процесстің құрылымы негізін (кез келген педагогикалық процесс сияқты) педагогикалық факторлардың өзара үйлесе отырып субъектімен объектінің заңды байланыстарды құрайды.

Педагогикалық процестің тиімділігі шұғылданымпаздылық қызметтің мақсаты мен міндеттеріне, құралдары мен әдістеріне және әлеуметтік мекемелеріндегі жұмыс түрлерінің бір бірімен тығыз байланыста болады.

Бұл әсер етудің түрі мен сипаттамасындағы және бағыттарындағы айырмашылықтар жеке адамның әлеуметтік мәдени өнерпаздығының әртүрлілігін қамтамасыз етеді.

Шұғылданымпаздылық қызметі әдістемесі- бұл мақсатты айқындайтын, идеялық-эмоционалды әсер етудің түрін, құралдарын іріктейтін, клиенттердің сұранымы мен талғамын есепке ала отырып, оны қанағаттандыруға қатысты адамдардың өзін-өзі тәрбиелеуге, белсенділігін арттыруға, айналадағы болып жатқан құбылыстарды қабылдауға барынша жағдай жасауға, адамның жан-жақты дамуына жеке уақытын қызықты өткізуге байланысты, оның қайсыбір әрекеттердің әдісін, әдістемесін, тәсілін қамтитын шығармашылық процесс.

Шұғылданымпаздылық қызметі әдістемесінің құрамдас бөліктерін алып қарайтын болсақ;

- Бірінші қолданылатын педагогикалық факторлар жйынтығы, оқушыларға ықпал етуді қалыптастыратын бастаулар мен негіздер;

- Екінші, адамдар арасында көп қырлы қатынасты ұйымдастырудың және осы қатынасты басқарудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Мұндай әдістер мен тәсілдер әлеуметтік мекемелердің әлеуметтік және педагогикалық мақсаттарға жетуіне бағытталады;

- Үшінші, шұғылданымпаздылық қызметтің даму жолдарын айқындап және оны басқарудың принциптері мен ережелерінің жиынтығы.

Құрылымның бұл бөліктері бір-бірімен органикалық түрде байланыса отырып Шұғылданымпаздылық қызметі әдістемесінің дұрыс қолдану мүмкіндігін жасайды.

Әдістемелер жалпы әдістеме, жекелей әдістеме, салалық әдістеме, ересектермен жұмыс істеу әдістемесі, балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеу әдістемелері болып бөлінеді.

Жекелей әдістеме әлеуметтік мекемелердің күнделікті жұмыстарының негізгі бағыттарын талдап, сипаттайды. Жекелі әдістемеге; ақпараттық-ағарту жұмыстары әдістемесі; шығармашылық өнерпаздыққа жетекшілік әдістемесі; демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру әдістемелері жатады.

Салалық әдістемеге әлеуметтік мекемелердегі эстетикалық тәрбие төңірегіндегі, ұлттық мәдениетті дамыту, салт дәстүр, рәсімдерді өмірге

енгізу бағытындағы жұмыстардың ерекшелігі жатады.Әдістемелік тәжірибенің және әдістемелік ұсыныстарды тексерудің негізгі қайнары-әлеуметтік шұғылданымпаздылық қызметінің практикасы болып саналады..

Жас ерекшелігіне байланысты, мектеп пен мектептен тыс мекемелердегі мектеп жасына дейінгі, бастауыш, ортанғы және жоғары сынып оқушыларының жастарына қарай педагогикалық ықпалдың өзіндік ерекшелігін айқындау.

Жұмыстың әдісі, педагогика және психология заңдылықтарына сүйене отырып шұғылданымпаздылық қызметті басқару болып табылады.

Тәрбиелеу әдістері бұл көпқырлы, педагогикалық процестің барлық қырын қамтитын әдіс. Шұғылданымпаздылық қызметіне төмендегідей тәрбиелеу әдістері; дәлелдеу, мадақтау әдістері жатады.

Шұғылданымпаздылық қызмет түрі екі жақты тұжырымдалды. Біріншіден, адамдарды бірлескен іс-әрекетке жұмылдыру әдісі ретінде ұйымдастыру түрі-жеке, топтық, бұқаралық болып келеді, екіншіден, идеялық- эмоционалдық материалдық өзін ұйымдастыру тәсілі ретінде әдістемелік түрлері ауызша, басылымдық, насихаттық, кешендік, театрландырылған болып тұжырымдалады.

Әдебиеттер:

- 1.Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары.- Алматы «Рауан»1991ж
- 2.Табылдиев Ә. Халық тағылымы.Қазақтың халық педагогикасы және тәрбиесі .-Алматы қазақ университеті,1992 ж
- 3.Төтенаев Б. Қазақ ұлттық ойындары.Алматы «Қазақстан» 1978
- 4.Елшібеков Ж. Зерек /Танымдық ойындар әлемінде/. Алматы «Өнер». 1991.